

## Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесінің жекелеген мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 20 қыркүйек N 1036.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" 2002 жылғы 28 тамыздағы N 931 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі агенттігінің "Ақпаратты техникалық қорғаудың орталығы" мемлекеттік мекемесі, "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фельдъегерлік қызметі" республикалық мемлекеттік мекемесі және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі агенттігінің "Алмас" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - Мекемелер мен Кәсіпорын) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі агенттігінің қарамағынан Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесінің қарамағына берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі:

- 1) Мекемелерге қатысты уәкілетті мемлекеттік орган;
- 2) Кәсіпорынға қатысты мемлекеттік басқару органы болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) Мекемелер мен Кәсіпорынның әділет органдарында мемлекеттік қайта тіркелуін қамтамасыз етсін;
- 2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер бекітілсін.

5. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фельдъегерлік қызметі" республикалық мемлекеттік мекемесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 5 қазандағы N 1522 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2002 жылғы 20 қыркүйектегі  
N 1036 қаулысымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер**

1. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

2. <\*>

Ескерту. 2-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.06.01. N 604 қаулысымен

3. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 28.12.2016 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) № 887 қаулысымен.

4. "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі агенттігінің "Ақпараттарды техникалық қорғау орталығы" мемлекеттік мекемесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 сәуірдегі N 557 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 19, 207-құжат):

тақырыбындағы және 1-тармақтағы "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі агенттігінің" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 және 3-тармақтар алынып тасталсын.

5. "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі агенттігінің "Алмас" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 22 маусымдағы N 851 қаулысына :

тақырыбындағы және 1-тармақтағы "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі агенттігінің" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта:

", сондай-ақ Кәсіпорынға қатысты мемлекеттік меншік құқығының субъектісі функцияларын жүзеге асыратын орган" деген сөздер алынып тасталсын;

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі агенттігі" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі" деген сөздермен ауыстырылсын;

4 және 5-тармақтар алынып тасталсын.